

Жамбыл облысында газ кен орындарын пайдалануға қосу және Шу-Сарысу мұнайгаз бассейнінде геологиялық барлау жұмыстарын қайта бастау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 желтоқсан N 1741

Жамбыл облысының аумағында газ өндіру саласын құру үшін газ кен орындарын игеруді ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "ЮНОКАЛ ИНТЕРНЕШНЛ ЭНЕРДЖИ ВЕНЧЕРС ЛТД" (АҚШ) және "ДЕЛЬТА ОЙЛ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЛТД" (Сауд Аравиясы) қатысатын "ДОСБОЛ" жабық акционерлік қоғамы Амангелді, Анабай, Айрақты, Солтүстік Үшарал, Үшарал, Кемпіртөбе кен орындарының газ кенін өңдеу жөніндегі кен пайдаланушысы болып белгіленсін және "ДОСБОЛ" жабық акционерлік қоғамына осы кен орындарын өнеркәсіптік пайдаланымға енгізуге рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі "ДОСБОЛ" жабық акционерлік қоғамына аталған кен орындарын пайдалануға және Шу-Сарысу бассейнінің XXXIII-48, 49, XXXIV-49, 50, 51, XXXV-50 блоктарында кейін ашық кен орындарын игеру мен өндіру үшін геологиялық барлау жұмыстарын жүргізуге лицензия берсін.

3. "ДОСБОЛ" жабық акционерлік қоғамы қызметінің негізгі мақсаттары болып мыналар белгіленсін:

барланған және өнеркәсіптік игеруге әзірленген Амангелді, Анабай, Айрақты, Солтүстік Үшарал, Үшарал, Кемпіртөбе кен орындарының көмірсутекті және жолай газдары мен газ конденсатын өндіру мен кешенді түрде ұқсату;

- кейін ашық кен орындарын игеру мен өндіретін болып, Шу-Сарысу бассейнінде мұнай мен газға геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу;

республиканың оңтүстік облыстарын табиғи газбен қамтамасыз ету;

пайдалану процесі барысында көмірсутегі және жолай газдардың, газ конденсатының қорларын нақтылау;

электр энергиясын шығару және оны республиканың оңтүстігінде сату.

4. "ДОСБОЛ" жабық акционерлік қоғамына газ бен газ конденсатын өңдеуден алынған өнімді бөгетсіз экспорттау, өз қызметіне қажетті жабдықтар мен мүлікті бажсыз әкелу құқығы берілсін.

5. Қазақстан Республикасының министрліктері, ведомстволары және

Жамбыл облысының әкімі "ДОСБОЛ" жабық акционерлік қоғамын белгіленген тәртіппен барлық қажетті рұқсат қағаздармен қамтамасыз етсін, сондай-ақ осы акционерлік қоғам қызметінің ұйымдастыру

мәселелерін шешуге жәрдемдессін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК